

АНЫҚТАМА

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы «№10 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 10 ай қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша

«24» желтоқсан 2024 жыл

Қызылорда қаласы

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024-2025 оқу жылының қорытындысымен талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Ы.Алтынсарин атындағы «№10 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы және осы заң аясында шығарылған Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары мектеп қызметін реттейтін заңнаманың нормативтік құқықтық актілерді еркін түсіндіруге мүмкіндік жасайтын құқықтық олқылықтардың болуына талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде тосқауылдар қоюға әсер ететін ережелердің болуы анықталмады.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, ОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫ АЙҚЫНДАУ

Мектептің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басшысымен үлестес болуы, (жақын туысқандардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың) бірлескен тікелей бағыныстылықтағы жұмысы (қызметі), сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен лауазымды адамдар үшін қолданыстағы

заңнамамен белгіленген тыйымдарды бұзу бойынша талдау жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Қазіргі таңда №10 мектеп-лицейде жалпы қызметкерлер саны – 223.

Оның ішінде:

- педагог қызметкерлер бойынша – 180
- кітапханашы – 2
- менеджер - 1
- техникалық қызметкер - 42
- және қызметкер бала күтімінде – 11
- ақысыз еңбек демалысында отырған – 1

Педагогтар ішінде:

- педагог-зерттеуші – 64
- педагог-сарапшы - 43
- педагог-модератор – 54
- санатсыз – 18
- екінші санатты басшы орынбасары – 1
- басшы менеджер санаты – 1.

Жоғары білімді - 176, арнаулы орта білімді - 4. Ғылым кандидаты - 1, педагогика ғылымының магистрі - 11.

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен ұжымы білім саласындағы ережелерді және нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтайды. Оқу жоспары және оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жұмыс атқарып келеді. Мектеп басшысы сағат жүктемелерінің ұсақталмауын әрдайым қатаң қадағалауда ұстайды. Әр оқу жылының аяғында пед кадрлардың сағаттары әдістемелік бірлестік отырыстарында қарастырылып, бірлестік жетекшілерінің хаттамасы негізге алынып, педагог қызметкерлерінің сағаты бөлінеді.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты осы оқу жылында «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығына сәйкес 11 педагог жұмысқа қабылданды. Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі – 1, тәлімгер– 2, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі-1, математика пәнінің мұғалімі – 3, уақытша дефектолог – 1, уақытша әлеуметтік педагог – 1, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 1, биология пәнінің мұғалімі – 1.

Мемлекеттік сатып алу кезінде лауазымды адамдардың үлестес болу фактілері анықталмады. Мемлекеттік сатып алудың барлық рәсімдері

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңына сәйкес электрондық портал арқылы жүргізіледі.

Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған және сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V заңының 51-бабы бойынша мектеп директоры және мектеп әкімшілігі, қызметкерлер тарапынан мүдделер қақтығысы орын алмаған.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет бойынша өтініштер қабылданған жоқ.

Тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны - 10.

Почта арқылы жіберілген және көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетілген жоқ.

Өткен оқу жылында келіп түскен сұранымдар бойынша өз мерзімінде жауап беріліп, Заң аясында жұмыстар жүргізілген.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығына сәйкес қағаз түрінде 13 оқушының ата-анасынан өтініш қабылданып, білім алуда.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығының 69-тармағына сәйкес тегін тамақ ұйымдастырылып, 935 баланың құжаттары қағаз жүзінде қабылданды. 159-ерекшелік бойынша 615 бала, 163-ерекшелік бойынша 320 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

«Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» туралы «Жалпыға бірдей оқу» қорынан әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында 2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп жанындағы тынығу лагеріне 100 оқушының ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді. Сонымен қатар сыртқы лагерге 30

баланың ата-анасының электронды өтініші бойынша және әлеуметтік статусына сәйкес құжаттар жинақталып, жолдама берілді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына, «Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №68 бұйрығы бойынша 2023 жылында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды үкімет порталының өтініміне сәйкес жеке тұлғалардан 10 өтініш түскен, жалпы орта білім туралы аттестаттың 10 телнұсқасын беруде оң шешім қабылданды.

«Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына сәйкес жауапты орындаушылар көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетудің, стандарттар және регламенттермен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсетулердің нақты процестеріне сәйкестігіне; көзделмеген құжаттарды талап етудің болуына; қызмет көрсету мерзімдерін бұзу; мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту; құжаттарды қарастыру кезеңдерінің көптігі және қайталануы; мемлекеттік көрсетілетін қызмет (жасырын қызметтер) белгілері бар қызметтерді көрсетуі бойынша талдау жасады. Жасалған талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласында бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ақпараттық тақта мен өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы ұйымдастырылған.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Мектеп-лицейде бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары іске асыру бойынша заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

БАҚЫЛАУ-ТЕКСЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Әкімшілік дереккөздерге бармай және барумен профилактикалық бақылау нысанында мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібіне, тексеру іс-шаралары кезінде жауапты тұлғалардың өз міндеттерін орындауын бақылауға, әкімшілік дереккөздерге барумен профилактикалық бақылау нәтижелерін ресімдеуге, ұйғарымның орындалуын бақылауға талдау жасалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚАРАЖАТЫН ИГЕРУ ЖӘНЕ БӨЛУ

№10 мектеп-лицей бойынша 2024 жылдың соңғы 10 айының қорытындысымен 1 101 242 000.00 теңге толық игерілді.

Оның ішінде;

261/082/011 бағдарлама бойынша – 3 181 000.00

261/082/015 бағдарлама бойынша – 198 340 000.00

261/203/011 бағдарлама бойынша – 899 721 000.00

261/203/015 бағдарлама бойынша – 898 010 000.00

Ай сайын қызметкерлер еңбек ақысы, салықтар, т.б. қызметтер 5-15 нысаны бойынша талдау жасалып жүргізілді.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ

№10 мектеп-лицей директорының жеке қабылдауы тұрақты өткізіліп тұрады. Директормен бекітілген кестеден басқа аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді. Қабылдауға келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Ішкі талдау барысында №10 мектеп-лицейінде өтініштер тіркеліп, қаралып, өтініш иелеріне жазбаша, уақытылы жауап беріген, және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сілтеме жасай отырып, өтініш иелеріне қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндірілген.

Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында соңғы 10 айдың көрсеткіші бойынша «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен 9 ұсыныс 1 арыз, 1 шағым келіп түсті. Бұл өтініштер бойынша арыз иесімен сөйлесіп, тындау хаттамалары жасалынып, өтініштер электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактылері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

Күнделік.kz, Е-өтініш, ҰБДҚ, ES.IAC т.б ақпараттық жүйелермен жұмыс жүргізетін қызметкерлер күнделікті тексеріп, жұмыс жүргізіп отырады.

Kundelik.kz электронды журналында күнтізбелік жоспарлар толық салынып, күнделікті сабақтар толтырылып, күнделікті баға қоры қойылады.

Мектеп ғимараты бойынша 40 бейнекамера орнатылған. Оның 27-сі ғимарат ішінде, сыртқы аулаға – 13 бейнекамера орнатылған. Бейнекамералардың барлығы жедел басқару орталығына 32-сі қосылған. Мемлекеттік сатып алу қызметі бойынша жыл сайын тиісті мекемелермен келісім-шарт жасалынып, жұмыс атқарылуда.

ТАЛДАУ ОБЪЕКТІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ- БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Мемлекеттік сатып алу бойынша

- 1.Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 17
- 2.Біліктілікті алдыны ала іріктеу конкурсы тәсілімен – 1
- 3.Электронды дүкен арқылы – 6
- 4.Негіздемелік келісім бойынша - 3.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқықбұзушылық деректері орын алған жоқ.

Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейдің бойынша 10 ай көлеміндегі «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында атқарылған жұмыстар мәліметі.

2024 жылдың қаңтар айында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру және алдын алу мақсатында барлық сыныпта ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2024 жылдың 05 ақпан күні «Зорлық зомбылықтың, суцидтің интернетке тәуелділікке, кибербуллинг пен құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында жиналыс болып өтті. Жиналыс барысында Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты – Н.Жәкиев Ресейлік «Слова пацана», «Кровь на асфальте» сериялын көріп еліктемеуге шақырды және мектеп психологтары зорлық-зомбылықтың, суцидтің, интернетке тәуелділік пен кибербуллинг жөнінде ақпарат айтып өтті.

16 ақпан күні «Азамат» ұлдар клубының 9-11 сынып оқушыларына Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Дін мәселелрін зерттеу орталығы» КММ-нің маманы Б.Оспанов Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты – Н.Жәкиев және мектеп психологтарының бірлескен кездесуі өткізілді. Кездесудің басты мақсаты мектеп оқушылары арасында орын алатын қылмыстарме, құқық бұзушылықтардың және ер балаларыдың психикалық саулығын нығақту, жеке бас қауіпсіздігін сақтау, тәртіпсіздіктің алдын алу. Ездесу қонақтары қала көлемінде кәмелетке толмағандар арасында жалпы орын алып отырған құқық бұзушылықтарға тоқтала кетіп, кәмелетке толмағандар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке, ал 116 жастан бастап әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауапкершілікке тартылатындығын ескертіп, қылмыс түрлерін саралап, оның жауапкершілігі жайлы түсіндіріп өтті. Тақырыпқа байланысты түрлі видеороликтер көрсетіліп өтті.

2024 жылдың 13 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен облыстық білім беру басқармасының бірлескен «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру іс-шарасынаң кешенді жоспарына» сәйкес мектебіміздің АДАЛДЫҚ мектеп жұмысы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді жүзеге асыру мақсатында мектеп педагогтары, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелері, 9 және 11 сынып оқушылар және олардың ата-аналарына «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері» тақырыбында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CoehDtILsy3/?igsh=c3gzNXMwajZmMTh1>

Мектеп ғимаратын, сыныптар мен дәліздерді, мектеп жиһаздарын жөндеуге оқушылардың ата- аналарынан немесе заңды өкілдерінен демеушілік және қайырымдылық көмек ретінде қаражатты мәжбүрлеп жинауға тыйым салынатынын үнемі ескертіліп отырады.

17 ақпан күні «Азамат» ұлдар клубының 10-11 сынып оқушыларымен «Лудамания – ол не екенін білесің бе?» тақырыбында энерджайзер жүргізілді. Шараға Қызылорда қаласы Полиция басқармасы ЖПКБ ППБ инспектор психологы АГ.Ақпенбетова шақырылып ер балалармен қызықты мастер класс өткізді. Мектеп психологтары А.Жалгауова, М.Машарапова лудамания, гимблинг, играмания, құмар ойын әуестігі байланысты, оның белгелері туралы, пайда болу себептерімен таныстырып өтті.

18 наурыз күні 8-11 сынып оқушыларына азаматтардың діни сенім бостандығы құқықтарын қамтамасыз ету, жат ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында кездесу өтті. Кездесуде Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының «Дін мәселерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы Б.Сәрсенбайұлы бүгінгі күнде ақпарат саласындағы ашықтық, ғаламтор жүйесі арқылы кез келген адамның хабар тарату мүмкіндігі-қандайда болсын материалдың сараптамадан өтпей, қоғамға қауіптілігі тексерілмей көпшілікке жол тартуына жол ашықтығын, әсіресе дін саласында қай ақпараттың дұрыс, қайсының жалған екенін ажырату қиын екендігіне тоқталып өтті.

01-05 сәуір күндері «Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай жасауға болады?» тақырыбында 9 сыныптар арасында эссе жазу байқауы болып өтті. Мақсаты: оқушылардан зорлық зомбылық туралы, мағлұмат алу арқылы адамның ең жаман қасиеті екенін ұғындыру. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету. Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететіндігін түсіндіру. Оқушылар эсседе зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болатындығын ашып жазған, эсседе дәлелдер мен аргументтер келтірген., тақырып ашылған. Қорытындысы бойынша 4 оқушының эсселері үздік деп танылып, марапатталды.

21 мамыр күні «Өз құқығыңызды белеміз бе?» тақырыбында Қызылорда ОПД УККД полиция подполковнигі Шагиров Азиз, Мектеп-лицейдің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары А.Қыстаубаев, Н.Ондашев және Қызылорда ҚПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты – Н.Жәкиев, мектеп психологтарының қатысуымен өтті.

Полиция подполковнигі Шагиров Азиз оқушыларға қазіргі таңда болып жатқан әлеуметтік желідегі жағымсыз жайттарды баяндай отырып, ойын-күлкімен, білместікпен жасаған келеңсіз іс-әрекеттерің үшін кейін опық жеп, өз өмірлеріне балта шабатындарын ескерту арқылы оқушыларды құқық бұзушылыққа жол бермеуге, тәртіпті болуға, келеңсіз оқиғаларды түсіріп желіге салғаны, басқа сайттарға кіргені-барлығы бақылауда болатынын қатаң ескертті. Оқушыларға әрбір қадам басқанда ойлану керектігін түрлі мысалдар келтіру арқылы түсіндірді.

Қызылорда ҚПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты – Н.Жәкиев мектеп оқушылары арасында топтық төбелесті болдырмау, алдын алу мақсатында оқу-тәрбие процесіні шеңберінде оқушылардың құқықтық танымын арттыруға бағытталған құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен профилактикалық шараларды жиі өткізіліп тұру, оқушыға

қатысты келеңсіз оқиға орын алған жағдайда, дер ензінде білім бөліміне ақпарат беру және мектеп психологтарының тарапынан әрбір оқушыға жеке психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру, құқықбұзушылыққа бейім оқушылармен профилактикалық жұмыстарды тұрақты түрде жүргізіп отыру керегін айтып өтті. Жасөспірімдер арасында болып жатқан әлеуметтік желідегі келеңсіз жағдайларды атады, оқушыларға заң талаптарын түсіндіре отырып, біреуден 20 теңге талап етсең де қылмыстық жауапқа тартылатындығын ескертті.

2024 жылдың 14 қыркүйек күні құқықбұзушылықтың алдын-алуға байланысты жиналыс өткізілді. Мектеп директоры- А.Макашев, Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты - Н.Жакиев, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Н.Ондашов, Г.Сералиева Қатысқан сынып және оқушылары-810-11 сынып ер балалары. Күн тәртібінде:

1. Мектеп-лицей ішкі тәртіп ережесі;
2. Топтық төбелестің және құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу және интернет қауіпсіздігінің /алаяқтық, нашақорлық, адамның психикасын бұзатын ойындар т.б/ алдын алу туралы /Мектеп инспекторы Н.Жакиев/
3. Буллинг, кибербуллингтің алдын алу /Мектеп психологы А.Жалғауова/

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Асылбек Бақытбекұлы жиналысты ашып, жиналысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып өтті.

<https://www.instagram.com/p/CxKsFOvN->

[N6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/CxKsFOvN-N6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

2024ж 17 қыркүйек күні «Қызылорда облысының дін істері басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-мен «Сыр дидары» газетінің бас редакторы «Жат ағымның алдын алу» тақырыбында оқушылармен кездесу ұйымдастырды. Кездесуде «Сыр дидары» газетінің бас редакторы Сәкен Алдашбаев тақырып бойынша мектеп оқушыларына баяндама жасаса, Дін мәселелерін зерттеу орталығының маманы Еркін Байназаров қоғамда көбейіп кеткен теріс ағымдардың белгілері, діни сайттар және экстремистік топтар мәселелерін кеңінен талқылады. Жат ағымдардың қоғамға келер зияны және олардан сақтану шаралары мен алдын алу жолдары кеңінен түсіндірді. Сондай-ақ, оқушыларға жастар арасында түрлі қылмыстар, ұрлық-зомбылық, арақ-шарап, темекі, зинақорлық секілді кесапат күнәлар тақырыбында насихат айтты. Оларды зиянды істерден аулақ жүруге шақырды.

https://www.instagram.com/reel/DABeyEjIzcN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

2024 жылдың 2 қазаны күні Қызылорда облыстық психологиялық қолдау орталығы, ішкі істер департаменті, облыстық прокуратура мамандарының қатысуымен “Бала тәрбиесі - баршаға ортақ” тақырыбында 7-10 сынып оқушылары мен ата-аналарына жиналыс өткізілді. Ата-аналардың жанұядағы бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру, жанұядағы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту, жасөспірімдер арасындағы

құқық бұзушылықтың алдын-алу ең басты міндет болып табылады. Жиналыс барысында мамандар тарапынан түсіндірме жұмыстары жасалып, ақпараттар берілді. Сонымен қатар, балалардың қоғамдағы рөлін, жасөспірімдердің кезек күттірмейтін мәселелері талданды. Мектебіміздегі қалыптасқан дәстүр бойынша «ата-ана – ұстаз – оқушы» үштігінің маңызы зор екені түсіндірілді. Ата-аналарға түрлі мәселелер төңірегінде бейнебаян көрсетілді. Осыған орай ата-аналар өздерінің ой-пікірімен, қонақтар жеке пайымдарымен бөлісіп, ортақ талқылады. Жиналыста баланың өмірі және қауіпсіздігі, әлеуметтік желілердің кері әсері, бос уақыттың тиімділігі, жаман әдеттер, бала құқығы, міндеттері мен мүмкіндіктері сынды өзекті тақырыптарды қозғады.

https://www.instagram.com/reel/DAnYqy0Ioiv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==\\

2024жылдың 18 қарашасы күні МЕН ЕСІРТКІСІЗ ӨМІРДІ ТАҢДАЙМЫН! Ы.Алтынсарин атындағы № 10 мектеп-лицейінде 7-11 сынып оқушыларына «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында кездесу болып өтті. Аталған тақырып аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: арнайы сала мамандары: Г.К.Карамергенова- салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы, А.Д.Алдабергенова –облыстық денсаулық сақтау орталығының маманы, мектеп медбикесі- С.Исак сөз сөйлеп, оқушылармен тақырып бойынша әңгіме жүргізді. Арнайы бейнематериалдар мен үлестірмелі парақтар таратылып, оқушылардың ойларымен де бөлісті. Адам ағзасына зиянды заттарды қолданбау, оның өмірге тудыратын қаупі туралы ескерту мен қауіпсіздік шараларын басымдыққа алды.

https://www.instagram.com/p/DCgRswjtgpi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ғасырлар бойы адамзат қоғамдағы құқық бұзушылық себептері мен оны жою жолдарын қарастырып келеді. Бүгінгі күні бұл мәселе өте күрделі, өзекті мәселелрдің бірі болып отыр. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, зорлық-зомбылық, ерте жүктілік, жыныстық қол сұғушылық, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу — қоғамның басты міндетіне айналды.

2024 жылдың 19 қарашасы күні “Қазақ мәдениетіндегі қыз тәрбиесі” тақырыбында мектепішілік жоғары сынып қыз балалары арасында арнайы сала мамандарымен кездесу болып өтті. Мектеп оқушыларының ішкі тәртіп ережесі-Г.Сералиева, Зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг алдын алу- А.Жалғауова, Жастар денсаулық сақтау орталығы валеологы-Г.Мазқожа; СӨС орталығының маманы -Г. Қарамергенова; «Сымбат»қыздар ұйымына қайта сайлау, бұйрыққа өзгеріс енгізу. Мектеп басшысы А.Мұсабаева мен оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Г.Сералиева мектептің ішкі тәртіп ережелерін қатаң ұстануды,оның құндылықтарын бағалауды жіті ұғындырды. Психолог маман да өз кезегінде буллинг тақырыбын кеңінен түсіндіріп, назарға ұсынды. Қыз бала тәрбиесі жөнінде, жеке бас гигиенасы,сонымен қатар қыз баланың қоғамдағы ролі туралы таныстырылым жұмыстарынан кейін, оқушылардың көкейіндегі сұрақтарға жауап алынып, сұхбат өрби түсті.

https://www.instagram.com/p/DCjU-ZPtLIF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жасөспірімдер мен оқушылар арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың, зорлық–зомбылықтың дер кезінде құзырлы органдармен, ата – аналармен бірігіп профилактикалық жұмыстарды уақытылы жүргізіп, алдын алып отыру керетігін назардан тыс қалдырмау керек. Жастар денсаулық орталығы мамандары білім алушыларға нашақорлық дерті туралы кеңінен ақпарат жеткізіп, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында ақпараттық түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. 2024жылдың 22 қарашасы күні «Нашақорлыққа жол жоқ!» бір айлық акциясы аясында қараша айының 22 күні бастауыш сынып оқушыларының арасында отбасылық эстафеталық сайыс өткізілді. Сауықтыру шарасының негізгі мақсаты: балалардың дене бітімінің дұрыс жетілуінің және спорттық дене шынықтырудың маңызын түсіндіру, қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ептілік, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болу, өзара ынтымақтастық орнату. Салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Аталған шара бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының қатысуымен қызықты да тартысты өтті. Өз кезегінде ұжымдық жауапкершілікті, ортақ топтастықты басымдыққа алған командалар оң нәтиже көрсетіп, арнайы дипломдармен марапатталды.

https://www.instagram.com/p/DCq PLJtjSj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2024 жылдың 19 желтоқсан күні алғашқы оқу тоқсанының қорытындысы бойынша ата-аналарға арналған ақпараттық алаң өтті.Жиналыста төмендегі мәселелер талқыланды

1) 2023-2024 оқу жылындағы I оқу тоқсанының қорытындысы,мектеп бітіруші түлектердің ҰБТ-ға дайындығы, білім сапа көрсеткіші, (оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Полуванова)

2) Құқықбұзушылыққа байланысты атқарылған жұмыстардың есебі (Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қыстаубаев А) Мектеп-лицей директоры А.Мусабаева ата-аналарды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. Жиналыс барысында білім сапа көрсеткіші, мектепішілік бақылау нәтижелері, оқушылардың білімі мен тәртібі, ата-ана мен мектептің тығыз байланысы қамтылып, ұжымдасқан түрде жұмыс жасау басты назарға алынды. Мектеп пен ата-ана арасындағы қауымдастық,одақтастық жұмысының жемісті болуын оқу жылының нәтижесін жақсы жетістіктермен,

тың идеялармен жүзеге асыру жайлы ұсыныстар талқыланды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жұмыстар өз деңгейінде атқарылып, жүргізілген жұмыстар әлеуметтік желіге жүктелуде.

Оқу тоқсанының қорытындысы бойынша ата-аналарымен консультативтік жұмыс жүргізіліп, ақпараттық алаң өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп директоры, тәрбие орынбасарлары кәмелетке толмаған жасөспірімдерге байланысты орын алып жатырған жағдайларды атап, оқу-тәрбие процесіне барлық қатысушылардың: мұғалімдердің, ата-аналардың, білім алушылардың сабақтастық шеңберінде іске асырылуы керектігіне тоқталды.

<https://www.facebook.com/share/p/d1eLvut8Z9qGKzXx/?>

2024 жылдың 20 желтоқсан күні қамқоршылық кеңес отырысының есеп беру жиналысы өткізілді.

1.2023-2024 оқу жылындағы бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды (жалпыға міндетті оқу қоры есебінен берілетін ыстық тамақ)

Қамқоршылық кеңес төрағасын сайлау.

Мектеп-лицей директоры Айгүл Нажмадинқызы күн тәртібіндегі мәселер бойынша ақпараттық есеп беріп өтті. Жалпыға міндетті оқу қоры есебінен ыстық тамақ және мектеп бюджетінен бөлінген қаржыға тоқталды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Досаханова Самал Серікқызы өз өтініші бойынша төрағалық міндеттен босатылып, осы отырыс барысында "Alexey Sultan Akhmet" ЖШС медициналық емхананың қаржы директоры Қарлыханова Жайна Төреханқызына төрағалық міндетіне ұсыну туралы келісімі бірауыздан ұсынып, сайлауға кеңес мүшелері дауыс беріп қолдады.

Алдағы уақытта қамқоршылық кеңес жұмысы өз деңгейінде жүргізіліп, мектеппен тығыз қарым-қатынас орната отырып алдағы уақыттарда ынтымақтастықта жұмыстар жүргізіледі.

<https://www.facebook.com/share/v/UNu9Baf4sLVXciJp/?mibextid=wwXlfrk>

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атқарып келген қызметтерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады. Ішкі талдау барысында заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Директор



А. Мусабаева